

Қазақстан Республикасында балық және басқа су жануарларын аулау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 1480 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.18. N 246 қаулысымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомстары, 1993 ж., N 18, 439-бап) 46-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасында балық және басқа су жануарларын аулаудың қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 4 желтоқсандағы

N 1480 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасында балық және басқа су жануарларын аулау Ережесі

1. Қазақстан Республикасында балық аулау және басқа су жануарларын аулау ережесімен орталық және жергілікті атқарушы органдардың, балық қорларын және басқа су жануарларын қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік басқару органдарының (бұдан әрі - арнайы уәкілетті орган) және табиғат пайдаланушылардың (заңды және жеке тұлғалардың) қатынастары реттеледі. <*>

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен

2. Осы Ереженің күші арнайы, мақсаттағы су қоймаларынан басқа (ағын суларды жинақтау орындары және балық питомниктерінің су қоймалар, уылдырық өсіру, тоған, тауарлы көлдер және басқа балық шаруашылықтары),

балық шаруашылығы мақсатындағы барлық су қоймаларына (аумақтық сулар және ішкі теңіздердің, өзендердің, көлдердің, тоғандардың, су бөгендерінің және олардың қосымша суларының экономикалық аймақтары) және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарына қолданылады.

3. Осы Ереже, жүзеге асырылуы су қоймаларының балық қорларын ұтымды пайдалану мақсатында нақты су қоймаларының экожүйесінің жай-күйіне қарай балық аулауды жедел басқару мен реттеуді қамтамасыз ететін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекітетін нормативтермен жүргізілетін су қоймаларындағы балық қорларын қорғау мен ұдайы өсіру саласындағы мемлекеттік саясатты белгілейді. <*>

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

4. Кәсіпшілік балық және басқа су жануарларын аулауға құқық беру және су қоймалары мен олардың жекелеген учаскелерін бекітіп беру туралы шешімді облыстық атқарушы өкімет органы конкурстық (тендерлік) негізде қабылдайды.
< * >

Табиғат пайдаланушылар арасында лимиттер мен квоталарды бөлуді конкурстық (тендер) комиссия шешімінің негізінде арнайы уәкілетті орган жүргізеді. < * >

Бұрын бекітілмеген балық шаруашылығының су айдындарын немесе олардың жекелеген учаскелерін табиғат пайдаланушыларға бекіту және оларға балық аулау кәсіпшілігі мен олардағы басқа су жануарларын аулау құқығын беру, сондай-ақ табиғат пайдаланушылар арасында балық шаруашылығы су айдындарында (учаскелерінде) лимиттер мен квоталарды бөлу жыл сайын алдағы күнтізбелік жылдың аяғында конкурстық (тендерлік) негізде өткізіледі.

Конкурстарды (тендерлерді) конкурстық (тендерлік) комиссия өткізеді. <*>

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204 қаулысымен .

5. Әрбір су айдыны бойынша балықты және басқа су жануарларын аулау ғылыми ұйымдардың биологиялық негіздемелерінің негізінде айқындалған олардың түрлік құрамын көрсете отырып, аулаудың оңтайлы рұқсат етілетін көлемін (лимиттерін, квоталарын) мемлекеттік экологиялық сараптаудың оң қорытындысынан кейін арнаулы уәкілетті орган белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынады.

Ғылыми ұйымдар биологиялық негіздемені арнаулы уәкілетті органға немесе оның аумақтық органдарына ағымдағы жылдың 15 қазанына дейін ұсынады.

Арнаулы уәкілетті орган конкурстық (тендерлік) комиссия шешімінің негізінде балық ресурстары мен басқа су жануарларын пайдалануға және су айдынын (учаскесін) бекітуге арналған шарт жасасады, балық аулауға және басқа

су жануарларын аулауға рұқсат береді.

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға және су айдынын (учаскесін) бекітуге арналған шарт шаруашылық және өзге де қызметке рұқсат етілетін экологиялық талаптарды көздейді. <*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204 қаулысымен .

6 . < * >

Ескерту. 6-тармақ екінші абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.03. N 158 қаулысымен .

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

Ескерту. 6-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204 қаулысымен .

7. Балық шаруашылығы су қоймаларында:

Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану және қорғау ережесімен рұқсат етілмеген қызметтерге жол берілмейді; <*>

рұқсат етілмейді:

елді мекендерге, балық қабылдау пункттеріне, бакендер орнатуға және өте қажет жағдайларда (шторм, апат және басқа) тоқтаудан басқа, балық аулауға тыйым салынған жерлер шегіне балық кәсіпшілігі, көліктік және басқа кемелерге тоқтатуға;

арнайы уәкілетті органдардың рұқсатынсыз азықтық және тағамдық омыртқасыздарды, басқа гидробионттарды дайындауға, балықтар мен басқа да су жануарларының жаңа түрлерін жерсіндіруге және көбейтуге;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің арнайы рұқсатынсыз балықтар мен басқа да су жануарларының жаңадан жерсіндірілген түрлерін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатынсыз Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына және Халықаралық табиғат және табиғат ресурстарын қорғау одағының Қызыл кітабына енгізілген балықтар мен басқа да гидробионттар түрлерін аулауға.

Ескерту. Аулау кезінде осы балықтар түскен жағдайда олар тірі күйінде дереу суға жіберілуі тиіс, ал оны аулау фактісі кәсіпшілік немесе биологиялық журналдарға тіркелуі керек;

әртүрлі аулау құралдарын бір су қоймасынан екіншісіне арнайы тазартудан өткізбей көшіруге;

арнайы уәкілетті органдардың рұқсатынсыз жаңа аулау құралдары мен әдістерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен нормативтерде көзделгендегіден ұясы кем мөлшердегі аулау құралдарын қолдануға.

Ескерту. Аулау құралдарындағы ұяның көлемі ширатылған жіптердің 11

түйіні арасындағы қашықтықты өлшеу, алынған санды 10-ға бөлу жолымен белгіленеді. Өсімдік талшығынан әзірленген аулау құралын ылғал түрде өлшеу кезінде белгіленген мөлшерде 5 процентке азайтуға рұқсат етіледі;

қыстайтын орлар шекараларынан 1 шақырым жақын және барлық арналары немесе тармақшаларын санай отырып бір-бірінен 1 шақырым жақын қашықтықтағы өзендерде бөгеулерді, қондырғылар мен қалқымаларды, сондай-ақ жаңа қарама-қарсы бөгеулерді ашуға;

су қоймаларында немесе оған тікелей жақын жерлерде аталған уақытта осы ауданда қолдану осы Ережеде тыйым салынған аулау құралдарымен, сондай-ақ жарылғыш және улағыш заттармен, осы құралдарды қолдануға байланысты жұмыстарды арнайы уәкілетті органдармен келісім бойынша су қоймаларында жүргізу жағдайларынан басқа, болуға;

өзендер, тармақтар енінің 2/3-тен астамын балық аулау үшін аулау құралдарымен және басқа құрылғылармен алуға, сондай-ақ бір мезгілде сүзу (жауып тастау) жүргізуге.

Ескерту. Аумен сүзу алдыңғы ауды жағалауға толық шығарған соң ғана басталады;

балық кәсіпшілігі учаскелеріне, бөгеулерге жекеменшік су және жерде жүретін көліктерді, сондай-ақ балық аулауға қатысы жоқ кәсіпорындар мен ұйымдардың кемелерін, автомашиналарын, мотоциклдерін қоюға.

Ескерту. Балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ тыйым салынған су айдындарында (телімдерінде) су көлігінің қозғалыс тәртібін арнайы уәкілетті орган белгілейді;<*>

арнайы уәкілетті органдардың ерекше жарлығына дейін жаңадан құрылған су қоймаларынан түрлі балық аулауға, сондай-ақ қыстайтын орлардан балық аулауға;

500 метрден жақын қашықтықтағы бөгеттерден, қақпалардан, көпірлерден өнеркәсіптік балық аулауға;

тіркелмеген және белгіленген тәртіппен тіркеу номерлері ілінбеген жүзу құралдарымен өнеркәсіптік балық аулауға;

аулау құқығының рұқсатына сәйкес ұйымның атауы аулау құралдарының параметрлері көрсетілген таңбасынсыз су қоймаларында аулау құралдарын пайдалануға;

теңіз бен өзендерде бекіре аулауға арнаулы қойылатын аулау құралдарын қолдануға;

белгіленген лимиттен артық балық аулауға;

балықтарды кукандарда сақтауға, өлген және ауру балықтарды аулау құралдарының көздерінен және жағалауға жақын жерлерге тастауға;

балықтарды белгіленген кәсіпшілік шамадан кем аулауға, қабылдауға, сатуға

ж ә н е с а қ т а у ғ а ;

балықтардың бір түрін басқа түріне ауыстырып немесе әдейі "бүлінген" және "майда" ретінде қабылдауға;

балық шаруашылығы су қоймаларында суда жүзетін құстарды өсіруге және арнайы уәкілетті органдардың келісімінсіз ондатр кәсіпшілігі мақсаты үшін мелиорациялық жұмыстар жүргізуге;

қыстайтын орлардың балық аулау учаскелерінің және балық аулауға тыйым салынған жерлердің шекарасын білдіретін, жүзіп жүретін таным белгілерін, бағаларды бүлдіру мен жоюға;

көлдерді өзара және негізгі өзендермен қосатын сағалар мен саяздардан, каналдардың жалғастарынан және суландыру жүйелерінің бұрылыстарынан, көлдердің және каналдардың сағалары алдынан олардың құятын тұсының екі жағынан 500 м арақашықтықта және су қоймасының 500 м тереңдігінен, сондай-ақ 1500 м арақашықтықта көл мен өзеннің жоғарғы жағынан кәсіпшілік балық аулауға .

Ескерту. Жайық - Каспий бассейндерінің су қоймаларына жүрмейді;

Каналдарға құятын бастаулар мен көлдердің сағасынан 500 м радиусте венгерлер мен секреттер орнатуға.

Ескерту. Аулау құралдарының бұл түрлерін орнатуға қадам сызығы бойынша аулау құралдарының арасы 1,5 км аз болмағанда және орнату сызықтарының арасы теңізге 1 км аз болмағанда және де көлдер мен басқа да су қоймаларынан кемінде 50 м қашықтықта болған да ғана рұқсат етіледі. Теңізде әр қанатта үштен көп емес кіндік темірлі венгерлерді орнатуға рұқсат етіледі, венгерлік қондырғы қанатының ұзындығы 40 метрден аспауы тиіс;

шахматтық тәртіппен аулаудың құралын орнатуға;

арнайы уәкілетті органдардың келісімінсіз Қазақстан Республикасы қорықтық аймақтардың шегінде Каспий теңізі сағасының кеңістігі мен солтүстік шығыс бөлігінде, Жайық өзенінің бойында мұз қатқан шақта автомобиль және басқа көліктің қозғалысына тыйым салынады.

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

8. Табиғатты пайдаланушы :

Аулау орнын қорғауды қамтамасыз ету, пайдаланушыға берілген балық аулау учаскелерінде бөгде тұлғалар мен ұйымдардың балық аулауын болдырмауға;

жағалау учаскелерін, аулау орындары мен бекітілген су қоймаларын тиісті санитарлық қалпында ұстауға;

арнайы уәкілетті органдардың мемлекеттік инспекторларын балық аулау орындарына және басқа да жүзуші құралдарға, өндірістік орындар мен қоймаларға, аулау тәсілі мен аулау құралын тексеретін және ауланған балықты

қарайтын қабылдау пункттеріне кедергісіз жіберуге, оларға балық өндіру мен өндірістің пайдаланылған қаржысы жөніндегі есепке алу материалдарын беруге сондай-ақ қызмет бабындағы сапар кезінде жол үсті кемелері мен басқа да көлік түрлерін ақысыз пайдалануына мүмкіндік беруге;

өз күшімен және дербес қаржы есебінен міндетті түрде табиғат қорғау органдары және ғылыми ұйымдарының келісімімен өздеріне берілген тосқауылдарда, салдар мен басқа аулау орындарына тазалау, балық өсіру және суландыру жұмыстарын жүргізуге (ұдайы өндіру, балықтың өсуі жағдайын жақсарту, су өсімдіктерінің, шабындарымен күрес, кәсіпшілік аулаудан шабақтарды құтқару, өліп қалған балықтарды жинау мен көму және т.б.);

арнайы уәкілетті органдардың рұқсатынсыз балық кәсіпшілігі учаскелерінде су қоймасындағы табиғи жағдайды өзгертетін жұмыстарды жүргізбеуге;

балық кәсіпшілігі учаскелерінің шекарасын арнайы өкілетті орган бекіткен үлгі бойынша белгілермен белгілеуге;

әрбір балық кәсіпшілігі учаскесінде, немесе бригадада және звенода арнайы өкілетті органның мөрімен расталған, белгіленген нысандағы кәсіпшілік журналын жүргізу және оны талап еткенде көрсетуге;

балық өсіру кәсіпорындары мен өндірушілердің бақылау-қадағалау ихтиологиялық пунктіне балықты шарттық негізде беруге;

осы балық аулау Ережесімен тыйым салынған барлық ауланған балықты тор мен жем салынған қармақтан басқа, барлық аулау құралдарынан босатып, тірі күйінде дереу суға жіберуге;

балық өндірумен айналысатын барлық кемелерге (олардың көлемі мен мақсатына қарамастан) тіркеу нөмірін жазуға;

арнайы уәкілетті органның талап етуімен өз күшімен осы балық аулау Ережесін бұза отырып қолданылған судан аулау құралын жинауға, ұсталған аулау құралын, жүзу құралы мен ауланған балықты қабылдау пунктіне дейін ж е т к і з у г е ;

өзіне берілген су қоймаларын (учаскелерді) басқа ұйымдарға бермеуге;

Балық шаруашылығы су айдындарын бекіту, пайдалану және қорғау ережесін және өзіне бекітілген балық кәсіпшілігі учаскелерінде (тосқауылдарда, салдарда, аудандарда) балық аулаудың осы Ережелерді бұзуды болдырмауға міндетті. <*>

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204 қаулысымен.

9. Арнайы уәкілетті органдарға:

тиісті ғылыми ұйымдарының келісілген тыйым салу кезеңінің жалпы ұзақтығын өзгертпей, гидрометеорологиялық жағдайға байланысты тыйым салу мерзімін осы және басқа жаққа 15 күнге дейін өзгерту.

Ескерту. Балықты аулауға тыйым салу тыйым салудың бірінші және соңғы күнін қоса алғандағы мерзімге жүреді;
ғылыми және балық шаруашылығы ұйымдарының келісімі бойынша уылдырық шашу учаскелері мен қыстайтын орлардың шекарасын оларды арнайы белгілермен белгілей отырып анықтау;
табиғатты пайдаланушыларға қатып қалу қаупі бар су қоймаларынан балықты құралдық барлық түрімен және кез келген мерзімінде лимиттен тыс аулауға рұқсат беру;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жалпы көлем шегінде ұсақ балықтарды толық қабылдай отырып, ғылыми институтының келісімі бойынша арнайы уәкілетті органдар белгілеген мерзімде және жерлерде арнайы аулау құралдарымен жергілікті, қолтықты, ұсақ балықтарды кәсіпшілік аулауға рұқсат беруге;

су қоймаларының жекелеген байырғы учаскелеріне қамау (үркіту) көмегімен балық аулауға рұқсат беру;

ғылыми ұйымдарының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикалық Үкіметі бекітетін жалпы көлем шегінде жылдың кез келген мерзімінде барлық су қоймаларынан жыртқыш балықтарды мелиоративтік аулауға рұқсат беру;

ғылыми мақсаты үшін, сондай-ақ тыйым салынған мерзім, аймақ және учаскелерді қоса алғанда, барлық балық шаруашылығы су қоймаларына қойылған міндеттерге орай балық өндіретін ұйымдарды жұмылдыра отырып немесе балық шаруашылығы ғылыми ұйымдарының өзінің күшімен экспериментальді-ғылыми кәсіпшілік аулауды өткізуге ғылыми-зерттеу ұйымдарының ғылыми кеңесімен бекітілген және мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен эксперименттік жұмыстар мен ғылыми зерттеу бағдарламалары негізінде балық пен басқа да гидробионттарды аулауға рұқсат беру құқығы беріледі.

Су қоймаларында:

а) ғылыми ұйымдардың биологиялық негіздеуіне және қоршаған ортаны қорғаудың экологиялық сараптамасына сәйкес су қоймаларын балықтандыру, балықтардың бағалы түрлерін, басқа гидробионттарды жерсіздендіру жөніндегі жұмыстарды; < * >

б) балықтардың уылдырық шашуын, қыстайтын орларын, қоныс аударуын, олардың көбею кезіндегі жағдайын, балық аулау режимін өзгерту туралы ұсыныстарды пысықтау және балық қорларын ұтымды пайдалануды анықтау мақсатында арнайы уәкілетті органдардың ихтиологиялық қызметтерінің кез келген мерзімде және барлық су қоймаларынан бақылау үшін балық аулауды жүргізуіне рұқсат беруге;

қорық аумағындағы гидротехникалық құрылымдар мен су қоймаларына,

сондай-ақ балық шаруашылығы су қоймаларын су алуға, ағын сулар мен өндіріс қалдықтарына пайдаланатын кәсіпорындар мен ұйымдарға кедергісіз барып тұру ;

қажет болған жағдайда кәсіпшілік аумағы шегінен жаңа тосқауыл учаскелерін ашу немесе ғылыми институтының ұсынымы бойынша және балық өндіретін ұйымның кепілдемесі бойынша жұмыс істейтінін жабу;

табиғатты пайдаланушы лауазымды тұлғалардың балық аулау Ережелеріне қайшы келетін іс-қимылдары мен нұсқауларын тоқтату және бұзу құқығы берілді .

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .

10. Осы Ережеге толықтырулар мен өзгерістерді ғылыми ұйымдардың ұсынымдары және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы негізінде балық ресурстарын және басқа су жануарларын қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті органның ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізуі мүмкін. <*>

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.05.05. N 427 қаулысымен .